

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Книга слов. -Алма-Ата: Жазушы, 1992. – 90 с.
2. Абай. Таңдамалы шығармалары.-Алматы: Ғылым, 1968.-Т.-2.- 734 б.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар.- Алматы: Ғылым,- 1973.-395 б.
4. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. - Алматы: Жазушы, 1986.-616 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Абай туралы сөз // Егемен Қазақстан.-1995.- 10 тамыз.
6. <http://www.egemen.kz/314614.html>

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН АБАЙ

Нұржанова А.С.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Ойшыл Абай, өмір мен қоршаған дүниені, табиғат пен болмыстың сырын танып-білуде ойының тереңдігімен, тілінің көркемдігімен, білімділігімен, даналығымен, даралығымен кейінгі ұрпаққа рухани байлық қалдырған. Абайша түсінсек, адамның ғылым-біліммен ой-өрісі дамиды, жан-дүниесінің тазалығымен рухы кемелденеді. Абайдың осы бір ғана ойын зерделесек, мұнда терең философиялық мән бар, әр адам өзінің өмірлік ұстанымына айналдырып, бағытына бағдаршам ететін ізгіліктің қайнар бұлағы десе болғандай. Абайдың аты мен өлең сөзінің құдіреті қазақ жерінен қыр асып, әлемнің түкпір-түкпіріне танылғалы екінші ғасырға ұласты.

Абай Құнанбаевтың танымалдығы - әлемдік деңгейінде. Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ және аудармашы, композитор, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қоғам қайраткері Абайды Қазақ халқы құрметтейді, оны мақтан тұтады және оған құрмет көрсетеді. Абай туралы естеліктер мен ескерткіштер мемлекеттік деңгейде сақталған. Оның еңбектері оқу орындарында оқылады.

Абайдың философиялық очерктері, өлеңдері мерзімді түрде тек қазақ тілінде ғана емес, сонымен қатар жақын және алыс шет елдердің тілдерінде жарияланады. Қазақстандық ғалымдармен қатар, әдебиет сыншылары, әдебиеттанушылар, алыс және жақын шетелдердегі жазушылар мен ақындар Абайдың поэтикалық және прозалық мұрасын зерттеуге маңызды үлес қосуда. Қазақ әдебиеті шетелдік оқырмандарға Абай шығармалары арқылы танылды десек қателеспейміз.

1956 жылы Ташкентте өткен Азия, Африка елдерінің конференциясында Камерун жазушысы Бенжамин Матип: «Мен қазақтар жайлы бұрын ешнәрсе естіп – білген емес едім. Ал қазір мен оларды білемін, тіпті, өте жақсы білемін, өйткені жуырда ағылшын тілінде

М.Әуезовтің керемет кітабын оқыдым. Мен тамаша адам – қазақ халқының ақыны Абаймен таныстым, оның сүйген қыздары Тоғжанмен, Әйгеріммен, оның абзал достарымен таныстым. Мен оларды жақы көрдім, бейне ұзақ жылдар бірге тұрып, қайғы –қуанышын бірге бөліскен адамдай жақсы көрдім. Солармен бірге тіпті Сіздің дархан даланың тұнық ауасымен тыныстаған секілдімін. Шынында да, қазақ дегеніңіз ғаламат сұлу халық екен ғой! [2, 216]

Абай шығармаларын шетелде танытқандардың алғашқысы-Ха Хуан Жан (Хабай). Ол қытай мектебінде оқыса да, қазақ тілін жетік білген. 1958 жылы Пекин қаласында шыққан «Абай Құнанбаев. Үш поэма» кітабаның алғы сөзін Ха Хуанжан жазған. 1959 жылы чех жазушысының алғы сөзімен «Даналық сөздері» кітабы чех тілінде басылып шыққан. Чехиядағы басылым Абай шығармаларының еуропалық тілге алғашқы аудармасы деп санауға болады.

1995 жылы, Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО колдауымен әлемдік деңгейде аталып өткен кезде Абай шығармаларының әлем тілдерінде көптеген кітаптары жарық көрді. Содан кейін Иранда «Абай шығармалары мен ойлары», Пәкістанда - «Абай Құнанбаевтың таңдамалы өлеңдері» кітабы жарық көрді. Парсы тілінде «Абайдың еңбектері мен ойлары» кітабының шығуы Иран мен Қазақстанның мәдени өміріндегі маңызды оқиға болды, өйткені Абай шығармалары бұған дейін Иранда жарияланбаған болатын.

Бұл кітаптың шығуы Иран Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Расул Исламидің күш-жігерінің арқасында мүмкін болды, оның алғы сөзі осы жинаққа кірді. «Абай Құнанбаевтың таңдамалы өлеңдерін» урду тілінде белгілі пәкістандық аудармашы Халид Икбал Ясер аударған. Ол «Абай - дәуірдің мақтанышы» алғы сөзінің авторы. Ұлан-Батырда Абай Құнанбаевтың таңдамалы өлеңдер жинағы», «Азияның ұлы ақыны» атты кітаптары жарыққа шықты. Алғы сөздің авторы - моңғол жазушысы және драматург Хабышийин Ислам.

1995 жылы Абай Құнанбаевтың «La poésie est la reine des mots ...» («Поэзия - сөздердің патшайымы ...») жинақтары француз тіліне аударылды. Содан кейін «Абай Құнанбайұлының «Ескендір» және «Масфұт» поэмалары түрік тілінде ТҮРКСОЙ төрағасының орынбасары болған Зий Йылмаздердің алғы сөзімен 1995 жылы жарияланды.

Абай өлеңдерінің шет тіліне тәржімалануы ХХІ ғасырда жалғасын табуда. 2000-2007 жылдар аралығында Германияда үш кітабы, 2006 жылы өлеңдер жинағы болгар тілінде, 2013 жылы поляк тілінде Варшавада жарияланды.

Абай мұрасы – түркі мәдениетінің бір бөлігі. Өзбек ғалымы Абдулла Рустамов Абайды «адам жанының емшісі» деп атаған болатын. Ол пайымдағандай, Абай шығармалары ғасырлар сүзбесінен өткеннен кейін де өзінің өзектілігі мен маңыздылығын жойған жоқ. «Өлең жолдарынан

көптеген сұрақтарға жауаптар табуға болады, жаралы жүректі емдеуге болады, жаңа арманға беріліп, қиял жетегінде кетуге болады, жай ғана – оның тақуа сөздерінен жаңылып қалуға болады.

Ақын өлеңдері – бұл жаралы жүректер қуанышы, бұл әлсіздер үшін күш, бұл түнілгендер үшін тірек пен қолдау». А.Рустамов Абай поэзиясын «өз бастауын биік те қуатты таудан алатын» ұлы сарқырамамен салыстырады, ал «адамдардың көңіл күйі үшін оның өлең жолдары өмірді жасартатын сиқырлы сусын ретінде қызмет етеді» деген болатын.

Башқұрттың қаламгері Мұстай Кәрімнің жүрек түкпірінен шыққан тілек сөздері түркі әлемі үшін Абайдың маңыздылығын жоғары таныған сырлы жолдарға толы: «Біздер, башқұрттар үшін қазақ жазба поэзиясының алғашқы хабаршысы, алғашқы үні Абай болды. Ол бірінші болып бізге қазақ жанын ашты... Абай ұлттық қана емес, әлемнің ақындық мәдениетінің шыңы болып табылады. Ал шыңдар алыстан көрінеді және олар үнемі өздеріне тартады. Биікті алыстан да, Шығыстан Батысқа дейін көреді. Абайдың рухани ой-өрісіне, ақындық көзқарасының кеңдігі мен тереңдігіне, Абай парасатының қуаттылығына таң қаласың. Осының өзі оның Шығыс пен Батыс мәдениетіне қатыстылығын байқатады». [3]

Сонымен, «Абай Құнанбаев шығармашылығының шетелдегі танымалдығы шет елдердегі қазақ әдебиетіне деген қызығушылықты арттырып отыр. Шетелдік жазушылардың пікірлері қазақ әдебиеті тарихына баға жетпес үлес қосады, өйткені олар - сырттан келген объективті пікірлер. Шетел жазушылары өздерінің жарияланымдары мен сөйлеген сөздерінде өз елінің оқырмандарын қазақ халқымен оның тарихымен, мәдениетімен және өмір салтымен таныстыра отырып, қазақ ақынының өмірі мен шығармашылығына назар аударады.

«Рухани Жанғыру» бағдарламасы аясында қазақ мәдениетін шетелде насихаттау, әлем жұртшылығын ақындарымыз бен жазушыларымыздың шығармаларымен таныстыруға мүмкіндік туды. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әріптестерінің шақыруымен Алматыға сапары кезінде, қазақтың ақыны және ағартушысы Абай Құнанбаевтың шығармашылығымен шұғылданған Огайо университетінің профессоры Джеймс Патрик: «Мен 8 жыл бұрын мен Қазақстанға бірінші рет білім беру бағдарламасы бойынша келдім. Сіздің еліңіздің мәдениеті мен өнерімен таныстым. Сосын мен ұлы Абайдың шығармашылығымен таныстым. Мен оның кітаптарын және дана ойларын оқыдым. Оның махаббат, әділеттілік туралы афоризмдері мені шабыттандырды. Оның шығармалары ұлы әл-Фараби шығармалары сияқты. Оның әртүрлі мәдениеттер, ұлттар, діндер туралы ілімінің маңызы өте зор», - деді. Бұл пікір ұлы Абайдың даналығы барша әлемді тәнті еткендігінің бір ғана дәлелі.

Ыстамбұлдағы Бақырқай және Зейтунберный аудандарын жалғайтын ұзын көшелердің біріне Абай есімі берілген. Онда аудандық әкімшілік пен

мәдени орталықтар орналасқан. Соңғы жылдары мұнда көп қабатты тұрғын үй кешендері бой көтерді.

Мұнда қаланың Азия мен Еуропа бөліктерін байланыстыратын Мармарай теміржолының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Бүкіл Ыстамбұл облысының орталық көшесінде ұлы ақынның есімі аталуы кездейсоқтық емес. Стамбулдағы қазақ диаспорасының негізгі бөлігі осында тұрады. Түркиядағы Қазақ Зерттеу Қоғамының төрағасы Серкан Динчтүріктің айтуынша: «Шетелде тұратын барлық қазақтар халқымыздың ұлы өкіліне құрметпен қарайды. Мұнда бір мектеп, ескерткіш және Абай атындағы көше бар Түрік балалары да Абай мектебінде оқиды.

Жергілікті тұрғындар Абайдың кім екенін біледі, қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрімен таныс. Ыстамбұл қазақтары балаларын Абай мектебіне жіберуге тырысады. Оны Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ашты. Мектеп екі бауырлас халықтар арасындағы достықты нығайтатын беделді оқу орнына айналған.

Қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абайдың шығармашылығы шетелдік зерттеушілердің лайықты бағасын алғанын, оның шығармаларын жоғары бағалайтындығын және оларды өз халықтарының көрнекті тұлғаларымен салыстырғанын көруге болады. Олардың пікірінше, ол тек қазақтың ғана емес, бүкіл әлем әдебиетінің классигі. Абай Құнанбаевтың жұмысына оң баға беру еліміздің рухани және зияткерлік имиджін нығайтуға ықпал етеді.

Меніңше, Абайды шетелдерде ғана емес, өз елімізде де әлі де насихаттау керек. Себебі, Қазақстанда тұрып жатса да, қазақ бола тұра Абайды жете білмейтін жастар кездеседі. Сондықтан, Абайдың шығармаларын орыс тіліне аударудың маңыздылығы мынада - соңғы деректерге сүйенсек, Қазақстанда екі миллион адам өз ана тілінде сөйлемейді. Бұл олардың Абайдың шығармаларын білмейтінін білдіреді, бірақ олардың арасында патриоттар көп, тек олар «орыстанған». Біз оларға Абайдың көркем аудармаларын оқытып, ана тіліне бағыттай отырып, өз тілін білуіне мүмкіндік береміз.

Абайды көпшілікке насихаттауды мектеп қабырғасынан бастау керек. Балаларды бірінші сыныптан бастап және он бірінші сыныпқа дейін үздіксіз оқыту керек. Сонда ғана біз Абайдың пайғамбарлық сөздерінің мағынасын балаларымызға жеткізе аламыз.

Мұхтар Әуезов ҚазМУ-де сабақ беріп, студенттерге «Абайтану» сабақтарын өткізген. Бұл ұлы Абайдың насихатының керемет үлгісі болды. Енді біздің мектептерде «Абайтануды» енгізудің уақыты келді. Өйткені Абайдың тағылымы - білімі, шексіз байлықтың тұтас мұхиты. Абай - қазақ халқы үшін өшпес жұлдыз.

Абай туралы айтқанда, тіл мәселелерін айтпау мүмкін емес. Себебі, қазақ тілі мен Абай бір-бірімен тығыз байланысты. Абайдың насихаты қазақ тілінде мақсатты түрде жүргізілуі керек, ал балаларды ана тілінде

оқыту бұрынғыдан да өзекті болып табылады. Абайды білместен, қазақ болу мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ӘуезовМ. Абай жолы.
2. ҚабдоловЗ.. Сөз өнер.– Санат, 2007.-360 б.
3. Қалижанов.У. // Егемен Қазақстан 2017, 10 тамыз.

ДУХОВНОЕ СОЗВУЧИЕ ВЕЛИКИХ ПОЭТОВ: АБАЙ И ЛЕРМОНТОВ

Рахимжанов К.Х.,
КазАТУ им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан

Поэзия Лермонтова в переводе Абая в казахской литературе занимает особое место. Поэзия Лермонтова давно стала достоянием казахского читателя.

Многие исследователи творчества Абая отмечают его связь с творчеством Лермонтова.

В казахском литературоведении много работ посвящено данной теме. Среди них необходимо отметить работы казахского ученого З. Ахметова[1], который после М.Ауэзова[2], [3] исследовал переводы Абая произведений Лермонтова. В своих трудах З.Ахметов рассматривает вопрос о связи Абая с Лермонтовым, о влиянии Лермонтова на Абая [1].

«Абай с особым трепетом относился к поэзии Лермонтова, - пишет З.Ахметов. – Он был особенно близок русскому поэту, был в духовном родстве с ним. Не будет преувеличением сказать, что, проникнувшись симпатией к русской поэзии, Абай наибольшее духовное созвучие обнаружил именно в Лермонтове» [4, с. 177].

Акын Абай начинает свои переводы с Лермонтова, как раз именно с его знаменитого «Бородино», написанного в 1837 год в 25-летнюю годовщину сражения под Бородино. Казахскому акыну Абая была созвучна мечта русского поэта видеть окружающих его людей сильными и гордыми, такими же, какими они были в дни героического 1812 года. «Дух и своеобразие лермонтовской музыки были чутко уловлены зрелым Абаем», - правильно подметил известный казахстанский переводчик [5, с.123].

Абай для перевода выбирает те произведения, которые так или иначе находят отклик в его душе, глубоко волнуют его. Не случаен сам выбор автора или произведения как объекта для перевода, такой факт часто говорит о душевных установках автора-переводчика, об его духовных исканиях.